



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Мухтарова К.С. Электронное правительство как фактор организации государственного управления в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. –Серия экономическая. - 2007. - №6.- С. 50-53.
4. Концепция электронного правительства Республики Казахстан с. 43[Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.nit.kz/?mod=chapter&lng=rus&opt=viewdoc&id=21>
5. Нурмагамбетов А.А. Проблема формирования электронного правительства (зарубежный опыт и Казахстан) / А. Нурмагамбетов, Е. Алияров // Analytic.- 2005.- №2. с. 34-36.
6. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 19 марта 2004 год. <http://www.akorda.kz>
7. Указ Президента Республики Казахстан от 10 ноября 2004 года № 1471 “О Государственной программе формирования «Электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы // Казахстанская правда.- 2004.- 16 ноября.- № 261-262.
8. «Электрондық үкіметті» қалыптастыру және дамыту. Дүние жүзілік тәжірибе /
9. <https://zerde.gov.kz/kz/activity/ict/publication/1612/#hcq=0Yc11Nq>
10. Юрицын В. Эффективность электронного правительства в Казахстане. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.zakon.kz/119514-jeffektivnost-jelektronnogo.html>.

УДК 63.321.96.(576)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ» ДАМУ

Жұмамуратов Наурызбек Амангельдиевич

nauryzbek_11_xx@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану»мамандығының 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Д.Е.Көпежанова

Еліміздің табиғатын қорғап, бүкіл адамзатқа өз байлықтарын риясыз беріп отырған, жомарт құшағын жайған табиғатты абайлап сақтау, оның ертеңі күнгі тағдыры жөнінде қайғыру-әрбір адамның жауапкершілігі мен міндеті болып табылады.

Сондықтан еліміз қазіргі таңда жасыл экономикаға баса назар аударып отыр.«Жасыл экономика» ұғымы ғылыми айналымға соңғы 20 жылда еніп, берік орнықты. Ағылшын тілінде жасыл экономиканың «Green economics», «Ecological economics» атты екі баламалы атауы бар, сондықтан да кей жағдайда жасыл экономика «экология (табиғатты қорғау) экономикасы» деп те аталады. Жасыл экономика тұжырымдамасы бойынша, экономика – қоршаған ортаның тәуелді бөлігі, экономика қоршаған ортаның белгілі шегінен орын алып, өммір сүреді. «**Жасыл экономика**» деп адамдардың өмір сапасын арттырып, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін, қоршаған ортаға төнетін қатерді азайтып, оның жұтандануын болдырмайтын экономиканы айтамыз (ЮНЕП анықтамасы) [1].

«РИО + 20» Саммитінен кейін қазақстандық қоғамның күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленіп, ол негізгі жеті бағытқа бөлінді. Олар:

- жаңартылатын энергия көздерін енгізу
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі
- ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы.
- қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру.
- су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру.

- «таза» көлікті дамыту
- экожүйелерді сақтау және тиімді басқару

Біз осылардың ішінде қалдықтарды басқару жүйесіне тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, Республикамызда 6325 елді мекеннің 4525-інде ғана ҚТҚ мен күл-қоқыс төгілетін арнаулы бөлінген полигондар бар. Оның тек қана 6,8 пайызы, яғни 307-сі ғана заңдастырылған. Қалған күл-қоқыс полигондары кез келген жерде қалай болса солай қалыптасқан. Ол ол ма, республикамыздағы 6325 елді мекеннің 25 пайызында яғни 1558 елді мекенде ғана ҚТҚ мен күл-қоқысты арнаулы полигондарға таситын кәсіпорындар бар. Ал қалған 75 пайызы яғни 4767 елді мекенде күл-қоқыс үй іргесінде немесе елді-мекен маңында шашылып жатыр.

Тек хана бұл емес олар тіпті еуропалық стандарттарға сай емес. Бұл туралы «Қазақстанның 97% қоқыс полигоны еуропалық стандарттық, санитарлық талаптарына сай емес. Бұл талдау ҚТҚ бағдарламасы бойынша жасақталған. Қазіргі таңда тек Астана полигоны ғана барлық санитарлық талаптарға сай келеді»- деп ҚР қоршаған орта және су ресурстары министрі Нұрлан Каппаров айтқан болатын [2].

Бүгінде республика аумағында 43 миллиард тоннадан астам қоқыс жинақталған. Оның тек 5 пайызы ғана кәдеге жаратылса, қалғаны көмуге жіберіледі немесе қауіпті үйінділердің маңына төгіледі. Өйткені арнайы қоқыс полигондарының сыйымдылығы еліміздегі қоқыс көлемінің ұлғаю жылдамдығына шыдас бере алмай тұр. Ал әлем елдеріне көз салатын болсақ Сингапурда қоқыстардың 90 пайызы қайта өндесе, Германия мен Жапонияда күл-қоқыстың 30 пайызы, АҚШ-та 27%-ы, ал Швейцарияда 25%-ы қайта өңделіп, кәдеге жаратылады. Міне, Қазақстан қалдықсыз өндірісті қолдайтын болса, онда өзінің аумағындағы қоқыстарды қайта өңдеп, болашақ ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Экологиялық тазалық жастардың денсаулығы үшін маңызды [3].

Қалдықсыз өндірісті дамытуды біз бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырсақ болады.

Бірінші кезеңде біз қоқыстарды қайта өңдеу үшін өндіріс орындарын қайда салуымыз керек екенін алдын-ала анықтап алуымыз керек. Себебі, әр қалада бір-бірден қалдықсыз өндіріс орындарын ашу, шынына келгенде Қазақстан үшін мүмкін емес. Сондықтан алдымен ең ластанған аймақтарға өндіріс орындарын ашуды ойлауымыз қажет. Ол қай аймақтар? Бірінші кезекте, Алматы. Себебі қалада күніне 1000-1300 тонна түрлі тұрмыстық қалдық шығарылады. Мұның сыртында үлкен шаһардың қапталына орналасқан ірілі-ұсақты өндіріс-кәсіпорындардан шығарылатын қалдықтар бар. Екінші Қарағанды қаласында салу керек. Себебі бүгінде Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының ауаларының ластану индексі 6 дан төмен емес [4]. Қарағанды қаласына келетін болсақ, ол екі қаланың ортасында орналасқан болғандықтан, екі қаланың қоқыстарын тасымалдау тиімді болар еді. Үшіншісі Шымкент қаласында салынса, өйткені Оңтүстік Қазақстан облысы халық тығыз орналасқан аймақ.. Төртінші Шығыс Қазақстан облысының орталығы Семей қаласында салынуы керек. Өйткені, Семей Павлодар мен Өскемен қаласының ортасында орналасқан және өндіріс орны адамдарды жұмыспен қамтамасыз етіп, қаланың табыс көзіне айналуы әбден мүмкін. Әзірше қоқыстарға көп ластанған аймақтар осылар болғандықтан, алдымен осы жерлерде өндіріс орнын ашуымыз керек деп есептеймін.

Өндіріс орындарын полигон маңына салу керек. Себебі олар қоқыстарды іздеп жүрмейді және жол шығыны болмайды.

Екіншіден өндіріс орындары салынған соң мынадай сұрақ туындайды: Қалдықтарды қайта өңдейтін өндіріс орындары қандай тауар шығару керек? Бұл сұраққа жауап беруге бізге Жапония мемлекеті көмектеседі. Жапондардың бір ерекшелігі: қоқыстарды қайта өңдеудің көптеген тәсілдерін ойлап тауып, өздерінің игілігіне пайдалануда. Мысалы: пластикалық бөтелкелерді қайта өңдеп, спорттық киімдер, кеңсе тауарлары, офистік жиһаз, мектеп формасы және басқа да заттар жасайды. Сондай-ақ, олар әр түрлі шыныларды да қайта өңдейді. Тіпті құрылыс материалдарында қоқыстарды қайта өңдеу арқылы жасайды. Жапонияда тамақ қалдықтарының барлығы өрттеле бермейді. Оларды қайта өңдеп, ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде пайдаланады.

Жапониядар қоқыстан Кобе қаласының жанында Порт Айленд аралын қолдан жасаған. Бұл аралдың көлемі 436 гектар. Аралда саябақтар, қонақ үйлер, ойын-сауық аймақтары орналасқан. Бір сөзбен айтқанда Жапондар бүгінгі күнде өзекті мәселе болып отырған қоқыстардың шешудің жаңа тәсілін әлемге көрсетіп қана қоймай қоқыстардан түрлі пайдалы зат жасауға болатынын дәлелдеді [5].

Үшінші, кез келген өндіріс орнының дамуы оның сапалы жұмысшы көзіне байланысты. Қазақстанның қоқыстарды қайта өңдейтін өндіріс орындарында сапалы жұмысшылар бар ма? Әрине жақсы мамандар бар. Бірақ олардың саны аз. Біз жақсы маманданған дегенде техникалық құралдарды білетін және қоқыстардан жаңа заттар жасай алатын мамандарды айтып отырмыз. Олар бізде жеткіліксіз. Осы мәселені қалай шешуге болады? Алдымен өндіріске жақсы маманды шетелден шақыртумызға болады. Бірақ біз шетелдіктерге қарап қалмай, өздеріміздің мамандарымызды жасауымыз керек. Ол үшін ЖОО-да қоқыстарды қайта өңдеуге арнап факультеттер ашумызға немесе арнайы курстар оқытып біліктілігін көтерумізге болады. Осылайша мамандарға деген сұранысты азайта аламыз.

Төртінші, Тұрмыстық қалдықтардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту немесе болдырмау үшін оларды міндетті түрде жіктеуге, топтастыруға тура келеді. Тұрмыстық қалдықтарды жіктеу және топтастыру аса күрделі де қиын мәселе. Бұл мәселені шешу үшін әлемдік тәжірибеге көз жүгіртуміз қажет. Германия қоқыстарды тазарту жағынан алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Немістердің ойы бойынша қоқыстар экологиялық проблемалардың көзі болып табылады. Сондықтан неміс халқы қоқыстарды жинауға және сұрыптауға қатты мән береді. Германияда қоқыстарды жинау мақсатында әр түрлі контейнерлер қолданылады. Олар түстеріне қарай әр түрлі қоқыстарды жинақтайды.

- Сары түс - пластикалық қоқыстарға арналған.
- Қоңыр - тамақ және басқа да биологиялық қалдықтар үшін қолданылады.
- Көгілдір - қағаздар.
- Сұр немесе қара – өзге де тұрмыстық қоқыс жинау үшін шығарылды.

Мұндай жүйе еліміздің тек Астана қаласында қолданылып жатыр. Бірақ, олардың да саны Елорда үшін өте аз. Өйткені қаланың барлық жерінде емес, кейбір жерлеріне қойылғандықтан қоқыстарды сұрыптау мәселеге айналып отыр. Бұл жай еліміздің барлық қалаларымен аудандарына да қатысты.

Бесіншіден, адамдар қоқыстарды контейнерлерге апарып тастамай, кез келген жерге тастап кетпес үшін не істеуіміз керек? Осындай мәселе туындайтыны сөзсіз. Тағы да әлемдік тәжірибеге көз жүгіртейік. Швейцарияда арнайы қоқыс полицейлері бар. Олар әрбір контейнерлерді ақтарып, заңды бұзған адамдарға айыппұл салып, түбіртек немесе құжат түрінде шығарып береді. Мұндай немқұрайлық үшін айыппұл 10000 франк (11006 АҚШ доллары) құрайды. Сондықтан әрбір Швейцариялық қоқыстарды контейнерлерге сұрыптап салуға қатты асығады. Тағы бір айтатын қызық жайт, әлемдегі ең қымбат қоқыс қап осы Швейцария еліне тиісті екен [6].

Ал біздің елде қоқыстарды тастағаны үшін әр түрлі 1-100 айлық есептік көрсеткіш түрінде салық салынады. Мысалы: су объектілерінің су жинау алаңдарын, мұз қабатын қатты өндірістік, тұрмыстық және шайылу кезінде жерүсті су объектілерінің сапасын нашарлатуға әкеп соғатын басқа да қалдықтармен қоқыстау түрінде жасалған бұзушылық үшін жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [7].

Бірақ олардың орындалып жатқанын ешкім қадағаламайды. Дұрыс қадағалайтын органдар бар, бірақ олар өздерінің жұмыстарын жақсы атқарса, бізде қоқыстардың мәселесі болмас еді.

Қорытындылайтын болсақ, қоқыстар еліміз үшін үлкен мәселеге айналуға. Егер де тездетіп оның алдын алмасақ, онда экологиямызға үлкен шығын келетіні айдан анық. Өйткені судың ластануы, қалалардың ластануы адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Олардың денсаулығына әсер етіп, ұзақ өмір сүруіне кедергі келтіреді. Жапонияда адамдар орта

есеппен өмір сүру жасы 90-100 жас. Ал бізде орта есеппен 60-70 жас. Жапонияның қалаларының ауасы таза болғандықтан оларда адамдар көп өмір сүреді. Егер біздің қалаларда да сондай атмосфера қалыптасса, адамдардың ұзақ өмір сүретіні анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности — Обобщающий доклад для представителей властных структур. ЮНЕП, 2011.
2. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://newtimes.kz/eshche/ekologiya/item/1230-musornye-poligony-kazakhstanane-ne-sootvetstvuyut-evrostandartu>
3. Анар Лепесова. 24 ақпан, 2016 жыл. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://turkystan.kz/saraptama/9940>
4. Названы самый чистый и самый грязный города в Казахстане [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazvaniy-samyiy-chistyiy-samyiy-gryaznyiy-goroda-kazahstane-265598/)
5. Переработка мусора (ТБО) в Японии. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://ztbo.ru/o-tbo/stati/stranni/pererabotka-musora-tbo-v-yaponii>)
6. Natali 8 ақпан, 2013 жыл. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://facepla.net/the-news/3238-waste-managemen.html>)
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>)

УДК 63.321.96.(576)

СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ

Камал Нуралы Жақияұлы

kamalnuraly@gmail.com

Студент 3 курса специальности «Политология» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.

Научный руководитель - М.Ю.Онучко

На сегодняшний день, политическая культура как показатель демократического общества является и основным фактором становления правового государства. Современное состояние практически всех сфер жизни общества делает проблему политической культуры и толерантности молодежи одной из наиболее насущных [1]. От того, какие социально-политические ценности и нормы, идеалы и традиции усвоит молодежь, во многом будет зависеть будущая перспектива нашей страны. Диагностировать общество на предмет развитости гражданского чувства можно по показателям политической активности среди молодежи. В современном казахстанском обществе говорят о политической культуре власти и общественных движений, о политической культуре общества, но мало кто упоминает о политической культуре молодежи, о ее особенностях, разногласиях и об ее важности в демократическом развитии государства.

Из исследований различных ученых труды Г. Алмонда, С. Верба показали мне наиболее конкретными, так как их можно применить в собственном исследовании. Поэтому для определения политической культуры студенческой молодежи г. Астаны я выбрал их теорию о видах политической культуры индивида и провел социальный опрос, состоящий из 18 вопросов. На основе этого опросника попытался определить к какому типу относятся респонденты в лице студенческой молодежи г. Астана.

По итогам данного исследования выявлено, что, несмотря на огромный массив нормативно-правового регулирования, наряду с элементами культуры участия, среди молодежи сохраняется тенденция развития подданнической и патриархальной типов